

Біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимін қолдану тәртібі туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 4 наурыздағы № 12-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 19 наурызда № 7-4-83 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 6 ақпандағы № 8-4 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 06.02.2013 № 8-4 шешімімен

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Зандарын басшылыққа ала отырып, аудандық мәслихаттың кезекті он екінші сессиясы **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы жеке тұлғаларға біржолғы талондардың құны қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Аудандық мәслихаттың келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:
 - 1) "Ауданда ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондардың құны туралы" аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 5 наурыздағы N 4-4 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-4-60 тіркелген, 2008 жылғы 26 сәуірде "Орда жүлдізы" газетінде N 17 жарияланған);
 - 2) Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 30 мамырындағы N 6-7 шешімі "Бөкей ордасы аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 5 наурыздағы N 4-4 "Ауданда ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондардың құны туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-4-65 тіркелген, 2008 жылғы 19 шілдедегі "Орда жүлдізы" газетінде N 29 жарияланған);
 - 3) Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 23 қазандағы N 9-2 шешімі "Бөкей ордасы аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 5 наурыздағы N 4-4 "Ауданда ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондардың құны туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-4-

3) Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 23 қазандағы N 9-2 шешімі "Бөкей ордасы аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 5 наурыздағы N 4-4 "Ауданда ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондардың құны туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-4-

73 тіркелген, 2008 жылғы 22 қарашадағы "Орда жұлдызы" газетінде N 47 жарияланған).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау және қамтамасыз жасау Бөкей ордасы ауданы бойынша салық басқармасына тапсырылсын.

Сессия төрағасы

Мәслихаттың хатшысы

Н. Жанғалиев

Г. Бисекенова

Бөкей ордасы аудандық мәслихатының

2009 жылғы 4 наурыздағы

N 12-3 шешіміне қосымша

Қызметтің түрлерінің жеке тұлғаларға берілген талондардың күны

N	Қызметтің түрлері	Берілген талондардың бағасы
1.	Газеттер мен журналдар	64
2.	Тұқым, сондай-ак отырғызылатын материал (екпелер, көшет)	127
3.	Бақша дақылдарын сату	76
4.	Саяжайларда және үй маңындағы участекерде өсірілген табиғи гүлдерді сату	115
5.	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай участекерінің өнімдерін сату	115
6.	Жануарлар мен құстардың жемдерін сату	115
7.	Сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлактар және балық сату	102
8.	Жер участекерін өндеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметтері	190
9.	Үй жануарлары мен құстарын бағуды жүзеге асыратын жеке тұлғалар	64